

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы

Күші жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 259-11 қаулысы . Павлодар облысының Әділет басқармасында 2004 жылғы 15 қаңтарда N 2202 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 313/9 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 313/9 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына , Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі "Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы" N 377 Жарлығына сәйкес, атқарушы, құқық қорғау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы Президенті алға қойған міндеттерді шешу жөніндегі қызметін үйлестіруді жақсарту мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі Кеңес) құрылсын.
2. Кеңестің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы М.К.Ержановқа жүктелсін.

Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов

Келісілді :

Облыс прокуроры М.Ахметжанов

*Облыс бойынша ұлттық қауіпсіздік
Комитеті департаментінің бастығы Ә.Шаяхметов*

*Облыс бойынша Әділет
басқармасының бастығы Т.Қожамжаров*

*Облыс ішкі істер
басқармасының бастығы М.Тұмарбеков*

*Облыс бойынша қаржы
полициясы департаментінің бастығы Н.Түзелбаев*

Облыс әкімдігінің
2003 жылғы 25 желтоқсандағы
"Қылмысқа және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі
үйлестіру кеңесі туралы"
N 259/11 қаулысына қосымша <*>

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 19 ақпандағы N 54/3 қаулысымен.

Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

Нұрпейісов Айтмұхамбетұлы	Қайрат	- облыс әкімі, төраға
Әбікешова Сәуле Серікқызы		- облыс әкімі аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі, хатшы
Комиссия мүшелері:		
Ахметжанов Марат Мұратұлы		- облыс прокуроры (келісім бойынша)
Әкімханов Халел Хайроллаұлы		- облыс әкімі аппаратының басшысы
Қожамжаров Темірболат Жанайдарұлы		- облыс бойынша әділет департаментінің бастығы (келісім бойынша)
Түзелбаев Нұрғали Ошпанбайұлы		- облыс бойынша экономикалық және сыбайлас қылмыспен күрес жөніндегі департаменттің (қаржы полициясы) бастығы (келісім бойынша)
Тұмарбеков Мұрат Ахметұлы		- облыс ішкі істер басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Шаяхметов Әділ Шаяхметұлы		- облыс бойынша ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің бастығы (келісім бойынша)

Облыс әкімдігінің
2003 жылғы 25 желтоқсандағы
"Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі
туралы" N 259/11 қаулысымен бекітілді

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және облыстың атқарушы, құқық қорғау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті үйлестіру мәселелері жөніндегі қызметтерін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету

ү ш і н

қ ұ р ы л д ы .

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен үкіметінің, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

3 . М ы н а л а р :

1) облыстың атқарушы, құқық қорғау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қызметтерін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету, құқық тәртібі мен заңдылықты нығайту;

2) облыстағы криминогендік жағдайды талдау, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі іс-шараларды қарау және бекіту;

3) облыстың атқарушы, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі қазақстан Республикасы заңдарын, қазақстан Республикасы Президенті мен үкіметінің, облыс әкімдігі мен әкімінің актілерін, басқа да нормативтік актілерін орындауының жай-күйін зерделеу;

4) облыстың атқарушы, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдарының облыста құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындауы Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

3. Кеңестің функциялары

4. Кеңес мынадай функцияларды:

1) өз мәжілістерінде облыс атқарушы органдарының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың жай-күйін қарастыруды;

2) қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру

ү ш і н ұ с ы н ы с д а й ы н д а у д ы ;

3) өзінің құзыретіне жататын басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

4. Кеңестің өкілеттілігі

5. Кеңес негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру б а р ы с ы н д а :

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте атқарушы, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардан жұмысқа қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеуге;

3) Кеңес мәжілісіне материалдар дайындау үшін облыс атқарушы, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдары қызметкерлерін (келісім бойынша) тартуға құқылы.

5. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6. Кеңес жоспарға сәйкес жұмыс істейді, мәжілістер қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет өткізіледі.

7. Кеңес мәжілістерін төраға, немесе оның тапсырмасы бойынша Кеңестің бір мүшесі өткізеді және олар Кеңес мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан уақытта заңды деп есептеледі. Кеңес мәжілістерінің қорытындылары хаттамалармен ресімделеді. Кеңес қажетіне қарай талқыланған мәселелер б о й ы н ш а ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

8. Кеңестің шешімдері мәжіліске қатысқан Кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып саналады.